

Ерейментау ауданындағы халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғалардың қосымша тізбелерін белгілеу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Ерейментау ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 16 маусымдағы № А-6/259 қаулысы. Ақмола облысы Ерейментау аудандық Әділет басқармасында 2010 жылғы 13 шілдедегі № 1-9-155 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Ерейментау ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 4 наурыздағы № а-3/72 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Ерейментау ауданы әкімдігінің 2011.03.04 № а-3/72 қаулысымен

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы» Заңының 31 бабы 1 тармағының 13 тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 5 бабының 2 тармағына, 7 бабының 2 тармақшасына сәйкес, Ерейментау ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ерейментау ауданындағы халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғалардың қосымша тізбесі белгіленсін:

- 1) ұзақ уақыт жұмыс істемейтін тұлғалар (бір жылданартық);
- 2) 27 жасқа дейінгі жастар;
- 3) туберкулездік, онкологиялық аурулар, жүрек-қан тамырларының ауруларымен ауратын тұлғалар, адамның қорғаныш тапшылығының қоздырғышын, жұқтырған қорғаныш тапшылығы белгісін жұқтырған тұлғалар;
- 4) зейнеталды жастағы тұлғалар (заңнамамен анықталған 50 жастан зейнеткерлікке шығу жасына дейін);

2. «Ерейментау ауданы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдармалар бөлімі» мемлекеттік мекемесіне қосымша нысаналы топтарға жататын тұлғаларды жұмыспен қамтуға көмек көрсету және әлеуметтік қорғау шараларын уақытында қ а м а т а м а с ы з е т с і н .

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Ерейментау ауданы әкімінің орынбасары С.Қ. Көшкінбаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап пайда болған кұқық қ а т ы н а с т а р ы н а т а р а т ы л а д ы

5. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ерейментау ауданының әкімі

Н. Ережепов

«КЕЛІСІЛДІ»

*"Ерейментау ауданы жұмыспен
қамту және әлеуметтік
бағдарламалар бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің*

бастығы

Сердцева Марина Леонидовна

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК